



ТАЛДЫКӨЛДІҢ ТАҒДЫРЫ

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



АЛАЯҚТЫҢ ПОРТРЕТІ ҚАНДАЙ?

5-БЕТ | ҚОҒАМ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ҚАЗАҚСТАН ӘЛЕМДЕ ОРЫН АЛЫП ЖАТҚАН ГЕОСАЯСИ КҮЙ-ЗЕЛІСТЕРДІ ЖАҚСЫ ТҮСІНЕДІ, БІРАҚ ЕЛ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮН-ТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ҚОЛДАЙДЫ. МЕНІҢ ОЙЫМША, ҚАЗАҚСТАН БІЗДІҢ ӨҢІРДЕ, ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА, ТІПТІ ОДАН ТЫС ЖЕРЛЕРДЕ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ РӨЛ АТҚАРАДЫ. БІЗДЕ ЖАҚСЫ ҮН-ТЫМАҚТАСТЫҚ ДӘСТҮРІ БАР, ОНЫ САҚТАУЫМЫЗ НЕМЕСЕ ЖОҚ ДЕГЕНДЕ ОДАН БАС ТАРТПАУЫМЫЗ КЕРЕК. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АРЕНАДАҒЫ КЕЙБІР СІЛКІНІСТЕРГЕ ҚАРАМАСТАН, БІЗ БІР-ЛЕСІП ЖҰМЫС ІСТЕЙ БЕРЕМІЗ.

№147
(4580)
Сейсенбі
12 желтоқсан
2023 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ПАЛЕСТИНАҒА КӨМЕК БЕРДІ

Қазақстан Палестинаға гуманитарлық көмек ретінде жалпы көлемі 38 тоннадан асатын жүк жөнелтті. Бұл жөнінде Төтенше жағдайлар министрлігі мәлім етті.

Мемлекеттік материалдық резервтен азық-түлік және төсек-орын жабдықтары түріндегі гуманитарлық жүк, сондай-ақ «СК-Фармация» ЖШС дәрілік заттары мен медициналық бұйымдары жүк ұшағымен жіберілді. Көмек жүгінде барлығы 14 түрлі тауар қамтылған. Жүк «Қызыл жарты ай» қоғамының өкілдеріне беріледі.

8

ҚАЖЫМҰҚАННЫҢ ІЗБАСАРЛАРЫ

Бас қала төрінде «Қажымұқан жолы» атты ұлттық жарыс ұйымдастырылды. Күш атасы – Қажымұқанның шеберлігі мен ерлігін өнеге тұтқан сайыпқыран жігіттер сайысқа түсті. Салауаты өмір салты мен спорттың құндылығын насихаттаған іс-шара көпшіліктің көңілінен шықты.



«ASTANA AQSHAMY»

ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

Астанада 24 желтоқсан күні Триатлон саябағында өтетін дәстүрлі «Qysqy jugiru» жарысына тіркелу жүріп жатыр.

«QYSQY JUGIRU» – ҚЫЗЫҚ ЖАРЫС

Жарыстың негізгі қашықтығы – 10 шақырым. Осы қашықтықты еңсеруге ниет білдіруші ерлер мен әйелдер арасында 18-29 жас, 30-39 жас, 40-49 жас, 50-59 жас, 60 жас және одан жоғары санаттар бойынша жарыс ұйымдастырылады.

Мәреге жеткен әрбір қатысушы финишерлік медальмен, сертификатпен марапатталады.

Старттық пакеттер Б.Момышұлы даңғылы, 2Б, №1 кеңседе беріледі.

Қатысушыларды тіркеу astanatriathlon.kz сайтында жүргізіледі.

ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ШЫРША ЖАҒЫЛАДЫ

Елордада жаңа жылдық бас шыршаның ашылу салтанаты 17 желтоқсан күні өтеді.

Бас шаһардағы бас шыршаның биіктігі 25 метр болады және ол жеңіл, сәнді ойыншықтармен, өрнектермен, строб шамдарымен, түрлі түсті гирляндармен безендіріледі.

Мерекелік шырша мерекесі ЕХРО халықаралық көрме-орталығының аумағында сағат 20:00-де басталады. Салтанатты рәсімнен кейін елорда тұрғындары мен қонақтарына арналған концерт бағдарламасы қойылады.



ЕРЕКШЕ ЖАНДАРҒА – ЕРЕКШЕ ҚОЛДАУ

Бүгінгі таңда елордада 30 мыңнан аса мүмкіндігі шектеулі адамға түрлі көмек көрсетіліп келеді.

Астана қаласының әкімдігі 2023-2027 жылдарға арналған мүгедектігі бар адамдар үшін кедергісіз орта сапасының мониторингін қамтамасыз ету жөніндегі жол картасын іске қосқан. Мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін санаторлық-курорттық емделуге жұмсалатын шығындарды өтеу түріндегі төлемдер мөлшері ұлғайды, инвентаризация қызметінің бағыты мен көліктері саны көбейді, жұмыспен қамту мәселесі жетіле түсті. Сонымен қатар елордада мүмкіндігі шектеулі азаматтармен жұмыс жүргізетін үкіметтік емес ұйымдардың саны да, оларға бөлінетін қаражат көлемі де артып отыр.

4



БІРҚАТАР ТАПСЫРМА БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжановты қабылдады.

Президентке Ақмола облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы жайында, өңір экономикасының бірқатар саласында оң нәтижелер бар екені туралы мәлімет берілді. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 530 миллиард теңгеге жеткен. Оның ішінде жеке инвестиция 435 миллиард теңгеден асқан. 154 жоба іске асырылып, 1,5 мың жұмыс орны ашылған.

Марат Ахметжановтың айтуынша, шаруаларды қолдау және қайта өңделген өнім үлесін арттыру шаралары тұрақты түрде қабылданып жатыр. Жыл басынан бері өсімдік майы, өңделген ет, сүт, май, ірімшік және сүзбе сияқты азық-түлік

түрлерін өндіру көрсеткіші өскен. Макинск құс фабрикасының 3-кезеңі іске қосылды және «Ақ-Дала Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өндірістік қуаты кезең-кезеңімен артып келеді. Бұл облыстың құс етін өндіру бойынша елімізде көшбасшы өңірлердің біріне айналуына мүмкіндік берді.

Кездесуде жылыту маусымының барысына да ерекше назар аударылды. Облыс әкімі барлық коммуналдық қызметтің жұмысы қатаң бақылауға алынғанын, Көкшетау және Степногорск қалаларындағы нысандардың кезең-кезеңімен жаңғыртылғанын жеткізді. Бұдан бөлек, Президентке Көкшетау қаласын дамытуға қатысты Бас

жоспардың жобасы әзірленгені туралы ақпарат берілді. Бұл жоба қаланың экологиялық және инфрақұрылымдық мәселелерін шешуді көздейді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына халықтың тұрмысын жақсартуға және іргелес миграцияны төмендетуге ықпал ететін агломерацияны дамыту жөніндегі жаңа кешенді жоспардың жобасы таныстырылды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев өңірді одан әрі дамыту, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу жобаларын іске асыру, инвестиция гендерлік теңдікті күшейтуге, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күреске, қылмыстық сот төрелігі саласында азамат-

ЖЫЛУ БЕРУ МӘСЕЛЕСІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өңірлердің әкімдерімен жылу беру мәселесін талқылады. Президентке Атырау, Қарағанды, Павлодар, Маңғыстау облыстарының әкімдері аймақ тұрғындарын жылумен және сумен қамтамасыз ету мәселесі жөнінде есеп берді.

Президент апат болған учаскелердегі жағдайды шұғыл реттеп, халықты жылумен және сумен қамту ісін тез арада қалпына келтіруді және барлық елді мекендегі коммуналдық желілердің үздіксіз жұмысын жолға қоюды талап етті.

Үкіметке жылыту маусымына дайындық кезінде оққылықтар жіберілгені туралы айтылды. Үкімет басшылығы еліміздегі тозығы жеткен энергетикалық инфрақұрылымдағы бұзылу жағдайларын қоспағанда, жалпы ахуал бақылауда

екенін мәлімдеді. Апаттық жағдайларға жол бермеу шаралары қабылданып жатыр. Мемлекет басшысы берілген тапсырмаларды орындау үшін Үкіметке және облыстардың әкімдеріне жеке-жеке жауапкершілік жүктеді.

ЖАРЛЫҚҚА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Адам құқығы мен заң үстемдігі саласындағы іс-қимыл жоспары туралы» Жарлыққа қол қойды. Құжат Ақорда сайтында жарияланған.

Мемлекет басшысы Twitter-дегі парақшасында бұл Жарлыққа Дүниежүзілік адам құқықтары күніне орай қол қойғанын жазды. Қасым-Жомарт Тоқаев құжат адам құқықтарын қорғаудың ұлттық жүйесін нығайтатынын атап өтті.

«Дүниежүзілік адам құқықтары күніне орай «Адам құқықтары мен заң үстемдігі саласындағы іс-қимыл жоспары туралы» Жарлыққа қол қойдым. Жоспарда гендерлік теңдікті күшейтуге, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күреске, қылмыстық сот төрелігі саласында азамат-

тарды қорғауға, азаптау мен қатыгездіктің алдын алуға бағытталған бірқатар шара қамтылған. Бірлесу бостандығы құқығы мен еңбек құқығын, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету жолдары қарастырылған. Құжат адам құқықтарын қорғаудың ұлттық жүйесін нығайтады. Жоспарды жүзеге асыру шеңберінде тиісті заңдар қабылданады» деді Президент.

Құжат мынадай бағыттар бойынша бірқатар іс-шараларды қамтиды: Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары

мен мүмкіндіктерін ілгерілету; Бала құқықтары; Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою; Қылмыстық сот төрелігі, жазаны орындау және азаптау мен қатыгездікпен қараудың алдын алу саласындағы адам құқықтары; Бірлесу бостандығы құқығы; Мигранттарға, азаматтығы жоқ адамдарға және босқындарға қатысты адам құқықтары; Мүгедектерге қатысты адам құқықтары; Еңбек етуге, еңбекті қорғауға және кәсіподақтың қызметіне құқық; Кәсіпкерлік қызметтегі адам құқықтары.

ЕКІ ЖЫЛДА 20 СУ ҚОЙМАСЫ САЛЫНАДЫ

Премьер-министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Қазақстан су кеңесінің отырысында су шаруашылығы инфрақұрылымын жаңғырту және су ресурстарын басқару жүйесін жетілдіру мәселелері талқыланды.

Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов атап өткендей, бүгінгі таңда Қазақстанның су қоры 102,3 текше шақырымды құрайды. Оның 54 пайызы ел аумағында қалыптасады, ал қалған 46 пайызы көршілес елдерден келеді. Экономиканың қажеттіліктері үшін жылдық су тұтынуы шамамен 25 текше шақырымды құрайды. Оның 65 пайызы ауыл шаруашылығына, 25 пайызы өнеркәсіп қажеттіліктеріне жұмсалады.

Жалпы, түгендеу нәтижелері бойынша елімізде 17736 өзен және уақытша су ағындары, 4024 көл, 4540 жерасты су кен орындары, 13175 су шаруашылығы құрылымдары бар. Елдің су қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оның тапшылығы мәселесін шешу үшін су саласын дамытудың 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарының жобасы әзірленді. Ол су қоймаларын салу және күрделі жөндеу, гидротехникалық құрылыстарды, ирригациялық жүйелер мен топтық су құбырларын реконструкциялау бойынша бірқатар шұғыл шараларды қамтиды.

Кешенді жоспарды іске асыру су ресурстарын 3,7 текше шақырымға, ал суармалы жер көлемін 2,2 млн гектарға дейін ұлғайтуға, егіндік

суының жыл сайынғы шығынын 3 текше шақырымға азайтып, 55 мыңнан тұрғыны бар 41 елді мекенді сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мәселен, 2024-2026 жылдары 9 облыста көлемі 2,4 текше шақырым болатын 20 жаңа су қоймасының құрылысын бастау жоспарланып отыр. Бұл суармалы жер көлемін 250 мың гектарға ұлғайтуға, 137 мың тұрғыны бар 70 ауылдық елді мекенді су басу қаупін азайтуға және Қазақстанның көршілес елдердің су ресурстарына тәуелділігін орта есеппен 25 пайызға төмендетуге ықпал етеді.

Сонымен қатар 9 облыста көлемі 1,9 км³ қолданыстағы 15 су қоймасын күрделі жөндеу жұмыстары басталады. Бұл қосымша 74 мың гектар суармалы жерлерді сумен қамтамасыз етіп, 70 мың тұрғыны бар 64 елді мекенді су басу қаупін азайтады. Сонымен қатар ирригациялық жүйелерді реконструкциялау, суару арналарын цифрландыру, Қ.Сәтбаев атындағы стратегиялық каналды жаңғырту жұмыстары және т. б. жүргізілетін болады.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерін су үнемдеу технологияларын қолдануға ынталандыру үшін суару жүйелерін салуға, сондай-ақ



тамшылатып және жаңбырлатып суару жабдықтарын сатып алуға арналған шығыстарды субсидиялау үлесін 50 пайыздан 80 пайызға дейін арттыру жоспарланған. Бұл 2026 жылға қарай оңтүстік өңірлерде су үнемдеу технологияларын қолдана отырып, суармалы жер көлемін 42 пайызға (613,6 мың га) дейін ұлғайтуға және 1,5 км³ суды үнемдеуге мүмкіндік береді.

Премьер-министр жоспарланған іс-шараларды іске асыруға отандық компанияларды, оның ішінде құрылыс материалдарын өндірушілерді белсенді тарту, ал тұтынылатын су көлемін анықтау үшін ғарыштық мониторинг технологияларын дамытуды жалғастыру қажет екенін атап өтті.

Тағы бір маңызды бағыт – ауыл шаруашылығы саласында суды тиімді пайдалану.

«Біз жыл сайын 150 мың гектар суармалы алқапқа су үнемдеу технологияларын енгізуге тиіспіз. Қазір жылына 40-50 мың гектар ғана қамтылуда. Бұл ретте, су тапшылығынан өң көп зардап шегіп отырған оңтүстік өңірлерде үнемдеу технологияларын енгізу көлемі жеткіліксіз. Жыл соңына дейін су үнемдеу технологияларын қолдануды ынталандырудың нақты тетіктерін әзірлеу қажет» деді Әлихан Смайылов.

Сонымен қатар Үкімет басшысы көптеген мәселенің шешімін таппай отырғанын атап өтті.

Биыл интернет-саудада 8 мыңнан астам алаяқтық фактісі тіркелді. Мұндай дерек Мәжіліс депутаттарының сауалына Бас прокурор Берік Асылловтың жауабында келтірілген.

8 МЫҢНАН АСТАМ АЛАЯҚТЫҚ

«Азаматтардың арыз-шағымы бойынша биыл осы салада (интернет-саудаға және қызметтерге қатысты алаяқтық әрекеттер) жасалған алаяқтық фактілері бойынша 8 мыңнан астам қылмыстық іс (19864-тің 8747-сі немесе 44 пайызы) тіркелген. Оның ішінде 1,8 мыңнан астам (1871) іс аяқталса, қалғаны қылмыстық қудалау органдарының іс жүргізуінде» деді Берік Асыллов жауабында.


Сонымен қатар ол Айс Мұратоваға (А.Қожаұратова) қатысты қылмыстық іс бойынша Алматы қалалық полиция департаменті тергеп-тексеруді жалғастырып жатқанын атап өтеді.

«Ол күдікті ретінде танылып, сот ұйымамақ түріндегі бұлтартпау шарасын таңдады. Қазіргі уақытта қылмыстық қудалау органдарына еліміздің әр өңірінен азаматтардан 267 арыз түсті. Келтірілген шығынның жалпы сомасы шамамен 500 млн теңгені, тапсырыс құны әрбір жәбірленушіден 10 мыңнан 1,8 млн теңгеге дейін соманы құрайды. Іс қадағалаушы прокуратураның бақылауында» деді Бас прокурор.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Дания парламенті Құранды өртеуге тыйым салу туралы заң қабылдады.

Құжат «Діни мәтіндерді бүлдіруге тыйым» деп аталғанмен, барлық қасиетті кітапты қорғауға бағытталған. Заң жобасын 94 депутат қолдап, 77-сі қарсы шықты. Заңды бұзған тұлғаға айыппұл салынып, 2 жыл бас бостандығынан айырылуы мүмкін.



Израиль Қарулы күштерінің Газа аймағына қарсы шабуылынан кейін тұрғындардың 80 пайызы жан-жаққа босып кеткен.

Қазір олар Мысыр шекарасынан бірнеше шақырымдағы мектеп ғимаратында бас сауғалап жүр. Мұнда денсаулығында кінәраты бар адамдарға дәрі-дәрмек жетпей жатыр. Жұртшылықтың сөзінше, күнделікті тұтынуға қажетті өнімдердің құны бірден 4 есеге қымбаттады.



Ұлыбританияға биыл 700 мың иммигрант еніп, көрсеткіш рекорд орнатты.

Ұлыбритания босқындарды депортациялау туралы келісімнің жаңа нұсқасын дайындап, Руандамен ортақ мәмілеге келді. Бұған дейін Жоғарғы сотта жеңіліс тауып, босқындарды Африка еліне жібере алмаған үкімет төтенше жағдай туралы заң арқылы Руанданы қауіпсіз мемлекет деп жарияламақ. Келісімнің жаңартылған нұсқасында Руандаға жер аударылған заңсыз мигранттар келген еліне қайта жіберілмейді делінген.

ЛИФТ ЖАБДЫҚТАРЫ АУЫСТЫРЫЛАДЫ

Астанада 2026 жылға дейінгі тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту бағдарламасы аясында биыл лифт жабдықтары ауыстырылуда. Бұл туралы мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.



Байқоңыр ауданындағы М.Ғабдуллин көшесі, 4 және 5-үйлерде, Кенесары көшесі, 42-үйде 6 лифт ауыстырылды. Ж.Тәшенов көшесі, 17/1 бойынша 2 лифтке тапсырыс берілді және жақын арада жеткізіледі деп күтілуде. Алматы ауданында 32 лифт, Сарыарқа ауданында 2 лифт ауыстырылды, тағы 1 лифт ауыстыру жоспарланған. Келесі жылы Сарыарқа ауданындағы 3 көппәтерлі тұрғын үйде тағы 8 лифт ауыстырылады. Лифт жабдықтарын ауыстыру және жөндеу Аманат партиясы елордалық филиалының сайлауалды бағдарламасы басымдықтарының бірі екенін атап айтқым келеді» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

РОБОТ КӨМЕГІМЕН ОТА ЖАСАДЫ

Бас қалада академик Н.Бәтпенев атындағы Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығының дәрігерлері 5 пациентке өз келісімі бойынша робот-ассистент көмегімен ерекше ота жасады.

«Жақында біз робот-ассистент көмегімен тізе буынын толық ауыстыру бойынша оталар жасадық. Робот

– біздің қай жерде екенімізді тауып қана қоймай, аспаптың орнын адам дәл көре алмайтын бір миллиметрге, бір градусқа дейінгі дәлдікпен түзете алатын ақылды құрал. Нәтиже жақсы. Пациенттеріміз қазірдің өзінде белсенді қозғала бастады. Балдақ көмегімен өздері жүреді. Отаға дейін жүріп-тұруы қиын болды. Қазір отадан кейін ешқандай шектелу жоқ, буындары бүгіліп-жазылады, толық қозғалады. Тізе буынын эндопротездеу құны – шамамен 2 млн теңге, оған имплант, ота, төсек-орын, наркоз,

қажетті барлық тексеру мен емдеу ақысы кіреді. Барлық ота пациенттерге ақысыз МӘМС жүйесінде жасалды» дейді Н.Бәтпенев атындағы Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығы №7 бөлімшесінің травматолог-ортопед дәрігері Жұмахан Славов.

Робот көмегімен ота жасалған науқастың бірі – Раушан Мақанова. Науқасқа робот-ассистенттің қатысуымен ота бір күн бұрын жасалған.

– Менің сол жақ тіземде IV дәрежелі артроз болды. Қозғалуым қиын болды, жүргенде аяғым, тізем қатты ауыратын. Клиникаға түскенімде отаның робот-ассистент көмегімен жасалатынын айтты, келісім бердім. Қазірдің өзінде жақсы сезінемін. МӘМС жүйесінің арқасында ақысыз ем алып жатырмын. Ота жасаған дәрігерлерге де алғысым шексіз. Енді толыққанды өмір сүре аламын деп үміттенемін, – дейді Р.Мақанова.

Эндопротез орнатылған пациенттер қазір оңалтудың 1-кезеңінен өтуде. Бір жарым айдан кейін екінші оңалтудан өтуге қайта келеді немесе тұрғылықты жерінен өтеді. Оңалту құны – 380 мың теңге, ал ота құны – 2 млн теңге шамасында. Айта кетейік, жыл басынан бері тізе және жамбас буындарын ауыстыру бойынша елорда дәрігерлері 35,2 млн теңге сомасына осындай операциялар жасады.

Зарина СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ

СПОРТШЫЛАР ФОРУМЫ ӨТТІ

Елордадағы Qazaqstan жеңіл атлетика спорт кешенінде «Спорттық психология және медицина» атты форум өтті. Спорт саласындағы мамандарға арналған іс-шара спортшыларға қосымша білім алу және қолдау көрсетуге бағытталды.

«Форум аясында спортшыларға, жаттықтырушыларға және әдіскерлерге спорттық медицина, допингке қарсы және дене шынықтыруды дамыту саласында шеберлік сабақтары өткізілді. Оған 300-ге жуық спортшы қатысты. Бұл іс-шара алғаш рет өткізіліп отыр. Дегенмен бұған дейін біз Қазақстанның түрлі өңірінен келген спортшыларға арналған спорттық

психология курстарын өткіздік. Ал бұл форум өз мансабын бітіріп, қолдау іздеген спортшыларға арналады» деді «Қазақстан спортшылар одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Азамат Қарлығашев.

Форумның спикерлері ретінде Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Самат Нұржанов, ҚР Президенті Іс Басқармасы

Медициналық орталығы ауруханасы спорттық медицина орталығының басшысы Асқар Баймұхаметов, спорттық медицина және емдік дене шынықтыру мамандығы бойынша медицина ғылымдарының докторы Аптылай Бұрқашев және «Астана спорт психологтары» қауымдастығының төрағасы Гүлден Сатемирова сөз сөйледі.

Іс-шара соңында қатысушыларға спорттық медицина, спорттық психология және мәдениет пен спортты дамыту бойынша оқудан өткені туралы сертификат табысталды. Форум «Қазақстандық спортшылар одағы» РҚБ мен Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылды.

Жапонияда қоқыс жинаудан тұңғыш рет халықаралық жарыс өтті.

Тазалыққа ерекше мән беретін жапондар қоқыс жинауды енді жарысқа айналдырып, осылайша әлем назарын жандандырмаққа бұрғысы келеді. Оған әлемнің түкпір-түкпірінен 21 елдің өкілі қатысты. АҚШ, Австралия, Франция сынды ірі державалар бақ сынаған бәйгеде Ұлыбритания командасы озық шықты.



Қытайлық өнертапқыштар ойлап тапқан «ақылды мата» арқылы киім түсін кез келген түске өзгертуге болады.

Бұл мобильді құрылғының көмегімен және қарапайым қол қимылдары арқылы жасалады. Мәселен, бас бармақ – сия көк түсті, жүрек қимылы – қызғылт түсті, ал кең танымал «окей» белгісін көрсету арқылы жасыл түсті таңдауға болады.



ҮШ КҮН – ҰЛТТЫҚ КИІМДЕ

Елордада 17-19 желтоқсан аралығында «Хас шебер» фестивалі өтеді. Іс-шара аясында астаналықтар үш күн бойы ұлттық киіммен жүреді.

Фестиваль барысында елімізде бұрын-соңды болмаған отандық өнершілер туы тігіледі. Ту қазақстандық ақпараттық-энциклопедиялық анықтамалығы рекордтар кітабына енгізіледі.

Фестивальдің дресс-коды – ұлттық киім. Іс-шарада сондай-ақ көрме-жәрмеңке ұйымдастырылады. Жәрмеңкеден түскен қаржының 10

пайызы Қарттар үйіне жұмсалады. Сонымен қатар қолөнершілер жұртшылыққа арнап шеберлік сабағын өткізеді, одан бөлек, қазақ халқының ұмыт болған салт-дәстүрлері және қызықты ойындар ұйымдастырылады.

Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен фестиваль Республика даңғылы, 34 мекенжайында орналасқан Жастар сарайында сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін өтеді.

БАНГКОКТА ЖҮЛДЕ АЛДЫ

Бангкок қаласында жасөспірімдер арасындағы халықаралық жаратылыстану-ғылыми олимпиадасы (IJSO-2023) өз мәресіне жетті.



Олимпиадаға әлемнің 54 елінен 311 оқушы қатысты. Сайыс үш турдан: тестілеу, теориялық және эксперименттік кезеңдерден тұрды. Әр турда физика, химия және биология пәндері бойынша тапсырмалар ұсынылды. Жиырмасыншы рет өткізілген сайыста Қазақстан құрама командасының

барлық алты мүшесі қола медаль жеңіп алды. Жүлдегерлердің арасында еліміздің түкпір-түкпірінен бас қосқан білімді оқушылар болды. Олардың ішінде Астанадағы республикалық физика-математика мектебінің 9-сынып оқушысы Илияс Қазымбек, 8-сынып оқушысы Батыр Ержанұлы бар.

«Қазгидромет» синоптиктері 12-14 желтоқсанда Қазақстанда ауа райы қандай болатыны туралы болжам жасады.

44 ГРАДУСҚА ДЕЙІН АЯЗ БОЛАДЫ



Метеорологтардың айтуынша, Қазақстанның басым бөлігінде аязды ауа райы әлі де сақталады, бұл арктикалық антициклонның ықпалына байланысты. 12-13 желтоқсанда атмосфералық фронтал бөліктердің әсерінен республиканың шығысында, оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында қар жауады, 12 желтоқсанда таулы аймақтарда қалың қар жауады.

Қазақстанның оңтүстігі мен шығысында жел күшейіп, таулы

аймақтарда тұман түседі деп күтіледі. 12-13 желтоқсанда түнде мынадай ауа температурасы болжанады: солтүстік-батыста және орталықта -25-38°C аяз, солтүстікте -30-38°C аяз, республиканың қиыр солтүстігі мен солтүстік-батысында -40-44°C аяз, республиканың шығысында -20-38°C үсік, 14 желтоқсанда -32-38°C, кей жерлерде -40-42°C, оңтүстік және оңтүстік-шығыста -25-30°C, таулы аймақтарда -33-38°C аяз күтіледі.



ТАЛДЫКӨЛДІҢ ТАҒДЫРЫ ҚАЛАЙ ШЕШІЛІП ЖАТЫР?

Астана халқының саны бүгінде миллионнан асып кетті. 2035 жылға қарай олардың қатары екі есеге ұлғаяды деген болжам бар. Біріккен Ұлттар Ұйымының болжауынша, 2050 жылға қарай адамзаттың 70 пайыздан астамы қалада өмір сүреді. Қазіргі таңда бұл көрсеткіш 54 пайызға жетіп отыр.

Халық саны көбейген сайын қала аумағы да кеңейетіні заңдылық. Мәселен, астана Алматыдан Ақмолаға көшірілген жылдары қала аумағы 24819 гектар болса, бүгінгі таңда елорданың жалпы аумағы – 78733 гектар. Ел астанасы Арқа төсіне көшірілгеннен кейін бекітілген алғашқы Бас жоспарда 2030 жылға қарай қала халқының саны 800 мың адам болады деп болжанған еді. Бірақ 2010 жылы Бас жоспарды 2030 жылға қарай астаналықтар саны 1,2 млн адамға жетугі тиіс деп түзетуге тура келді. Бір қызығы, қала халқының саны биылдың өзінде 1,2 млн адамнан асып кетті. Егер осы өсім динамикасы сақталса, 2035 жылға қарай халық саны екі есе артады. Осыны ескерсек, онда 2035 жылға қарай тұрғын үйге қажеттілік 68,2 млн шаршы метрді құрайды. Яғни алдағы 13 жылда қосымша 41,3 млн шаршы метр баспана салу қажет болады. Бұл – жылына 3 млн шаршы метрден асатын тұрғын үйлер бой көтеріп, жаңа аудандар пайда болады деген сөз. Мысалы, кейінгі жылда елордамызда пайда болған «Жағалауды» алатын болсақ, бұл аумақта тұрғын үйлер құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Мектептер де салынды. «Жағалау» тұрғындары өз аудандарында әлі де бірнеше мектеп пен саябақ салынғанын қалайды. Олар саябаққа қатысты талабын Кіші Талдықөлді құрғатуға қарсылық кезінде күшейте түсті. Мұның өз себебі бар еді.

Қазақстан биоалуантүрлілікті сақтау қауымдастығының дерегінше, Кіші Талдықөл аумағында өсімдіктің 98 түрі анықталған. Балықтың 2 түрі, қосмекенділер мен бауырымен жорғалаушылардың 3 түрі тіркелген. Экобелсенділер мен табиғат жанашырларының белсенділігі Кіші Талдықөлді құрғату жұмысын тоқтатуға, сөйтіп, Үлкен және Кіші Талдықөлде экопарк ашылуына, тіпті бұл мақсатқа 1 млрд теңге қаржы бөлінуіне ықпал етті. Халық пен билік осылай бір шешімге келді

қаржы бөлінуіне ықпал етті. Халық пен билік осылай бір шешімге келді.

Кіші Талдықөлдегі экопарк жобасы (Е-10 көшесі, «Жасыл желек» тұрғын үй кешеніне қарама-қарсы) су қоймасын абаттандыруды қарастырады: су қоймасын айналдыра тастан жасалған жағалау болады. Бұл судың табиғи сүзілуін және қажетті экожүйені құруға мүмкіндік бермек. Сондай-ақ су деңгейін сақтап әрі оттегімен біркелкі қанықтыру үшін биодренаждық жүйені ұйымдастыру және су айдынын аэрациялау көзделген.

Сонымен қатар серуендеу үшін арнайы инфрақұрылым жасалады: жағалаудағы сулы-



Қазақстан биоалуантүрлілікті сақтау қауымдастығының дерегінше, Кіші Талдықөл аумағында өсімдіктің 98 түрі анықталған. Балықтың 2 түрі, қосмекенділер мен бауырымен жорғалаушылардың 3 түрі тіркелген. Экобелсенділер мен табиғат жанашырларының белсенділігі Кіші Талдықөлді құрғату жұмысын тоқтатуға, сөйтіп, Үлкен және Кіші Талдықөлде экопарк ашылуына, тіпті бұл мақсатқа 1 млрд теңге қаржы бөлінуіне ықпал етті. Халық пен билік осылай бір шешімге келді

батпақты жерлерде террасалық жағалау сақталады және флора мен фаунасы бар экоклимат үшін жағдай қарастырылады. Үлкен Талдықөл де экологиялық инфрақұрылым болады. Бұл көлдің жанында қорық және орман-саябақ аймағы бар еліміздегі алғашқы табиғи парк ашылады. Бұл шешім Астана қалалық Урбанистика орталығы базасында, сондай-ақ Есіл ауданының әкімдігінде Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының, сол сияқты Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының басшылары Кіші Талдықөлдің мәселесі бойынша экобелсенділермен, экологтармен және белсенді тұрғындармен өткен кездесулерден кейін қабылданды.

«Астана Бас жоспары» қызметкерлері Қазақстанның биоалуантүрлілігін сақтау қауымдастығымен бірлесіп, Лондон сулы-батпақты алқаптар орталығы, Rainham Marshes табиғи паркі, Шервуд орманы, Minsmere Reserve қорығы негізінде Ұлыбританиядағы әріптестерімен бірге табиғи парктарды жобалау мен салудың халықаралық тәжірибесін зерттеді. Қалалық табиғи парк аумағында бақылау алаңдары, болашақ биологтар, ихтиологтар, орнитологтар, экологтар үшін білім беру орталықтарын салу жоспары бар. Жалпы қала билігі тарапынан Кіші Талдықөлдің тағдырына қатысты жасалған мәлімдеменің бірі қазан айында қалалық мәслихатта айтылды. Қала басшысы су тартылған жерде қазірдің өзінде 1,5 мың ағаш отырғызылғанын, тағы 2 мың ағаш егілетінін, ал учаскенің шамамен 30 гектар периметрі қоршалғанын атап өтті. Оның дерегі бойынша 2015 жылға дейін Үлкен Талдықөлде су көлемі 57 млн текше метр болған. Осы жылдың басында 5 миллион текше метр болса, күздегі өлшеу судың 1,5 миллион текше метр қалғанын көрсетті, яғни көлемі бірнеше есе азайған. Жерасты сулары деңгейі төмендеді, оған қоса қазір қалалық көріз-тазарту жүйесінен шыққан су Үлкен Талдықөлге емес, Есілге құйылады. Сондықтан әкімдік судың бір бөлігін Үлкен Талдықөл мен Кіші Талдықөлге бағыттауды жоспарлап отыр екен.

ЕРЕКШЕ ЖАНДАРҒА – ЕРЕКШЕ ҚОЛДАУ

Бүгінгі таңда елордада 30 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі жан бар. Оларға көрсетілетін әлеуметтік қолдау шаралары туралы қалалық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында Астана қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының орынбасары Еркебұлан Мәлік мәлім етті.

Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының стратегиялық міндеті мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік дамуы және қолдауға бағытталған. Бұл ретте басқарма басшысының орынбасары қазіргі кезде елордада 33358 мүгедектігі бар адам тұратынын, оның ішінде ересектер 24647 және балалар саны 8711 адам екенін атап өтті.

– Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 3 қазандағы №84/10 шешімімен бекітілген Астана қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларына сәйкес бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды ертіп жүретін санаторлық-курорттық емделуге жұмсалған шығындарды өтеу түріндегі төлемдер мөлшері ағымдағы жылдың 4 қарашасынан 35 АЕК-тен 55 АЕК-ке ұлғайтылды. Сондай-ақ мүгедектігі бар адамдарға оңалту және абилитация жеке бағдарламасына сәйкес оңалту қызметтерімен, оның ішінде әлеуметтік және кәсіптік қызметтерімен қамтамасыз етіледі, – деді Еркебұлан Мәлік.

Техникалық көмекші, яғни компенсаторлық құралдармен және оңалту қызметтерімен қамтамасыз ету бөлігінде әлеуметтік оңалту шараларымен әлеуметтік қызметтер порталы арқылы 2022 жылғы 17 мың мүгедектігі бар адам, биыл 28 мыңнан астам ерекше жан

қамтылды. Мүгедектігі бар, жүріп-тұруында қиындықтары бар адамдарға және мүмкіндігі шектеулі балаларға инватакси көлігі тегін қызмет көрсетеді. – «Инватакси» қызметі 5 бағыт бойынша 117 инватакси автокөлігін, атап айтсақ, 16 мамандандырылған және 101 жеңіл автокөлікті пайдалана отырып, күніне орта есеппен 1167 тасымалдау көрсетіледі. Қызмет алушыларды толық қамту, сондай-ақ инватакси қызметін көрсету механизмін өзгерту, сапасы мен жылдамдығын арттыру аясында елордада 2023 жылдың 10 шілдесінен бастап Яндекс Go қызметі арқылы қанатқақты жоба іске қосылды. Оған 195 мүгедектігі бар адам, оның ішінде 128 мүгедектігі бар бала, 23 көру қабілеті шектеулі және 18 жастан асқан ДЖК ұсынысымен 61 мүгедектігі бар адам қатысты. Осы уақыт аралығында жалпы сомасы 6,5 млн теңгеге 11144 тасымал жүзеге асырылды, – деді басқарма басшысының орынбасары.

Қала әкімдігі 2023-2027 жылдарға арналған мүгедектігі бар адамдар үшін кедергісіз орта сапасының мониторингін қамтамасыз ету жөніндегі жол картасын бекітті. Алматы, Сарыарқа, Байқоңыр және Есіл аудандары әкімдерінің аппараттарында нысандарды паспорттау бойынша жұмыс топтары құрылды. 2023 жылға 219 нысан көлемінде паспорттау және бейімдеуге жататын нысандардың тізбесі дайындалды. Бүгінде жұмыс топтары барып,

219 нысанның 200-і немесе 78,8 пайызы сараптамадан өтті, оның ішінде 104 нысан бейімделді. Жұмыс жалғасуда. Аудан әкімдіктері берген, мониторинг топтарының және ҚНЖЕ ескертулеріне сәйкес, нысандардың меншік иелері (баланс ұстаушылары), ескертулерді жою бойынша жұмыс жүргізілуде.

– Басқарма – ведомстволық бағынысты 10 мекеменің қызметін үйлестіруші. Оның ішінде халықты әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету стандартына сәйкес, 6 ұйым арнаулы 8 түрі бойынша әлеуметтік қызметтер көрсетеді. Ағымдағы кезеңде 3928 мүгедектігі бар адам (оның 2805-і – бала) арнаулы әлеуметтік қызметтермен қамтылды (мемлекеттік мекемелер – 1583 адам, ҰЕҰ – 2345 адам). Жыл сайын мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде арнаулы әлеуметтік қызметтерді ҰЕҰ қаржыландыру жүзеге асырылды. Астанада арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін үкіметтік емес ұйымдар саны 2019 жылы 5-еу болса, 2023 жылы 8-ге және қызмет алушылардың саны сол жылдан 1823 адамнан 2345 адамға өсті, – деді Еркебұлан Мәлік.

Жеке оңалту және абилитация бағдарламасына сәйкес, еңбекке жарамды жастағы мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыспен қамтуға жәрдемдеу шаралары қарастырылған. 2023 жылдың 11 айының қорытындысы бойынша жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау шараларымен 1288 мүгедектігі бар адам қамтылды. «Электрондық еңбек биржасы» интернет-порталында (www.enbek.kz) мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру бойынша 418 жұмыс орны бойынша 132 бос жұмыс орны бар. Бүгінге дейін елордада 39 бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өткізілді.



Бетті дайындаған Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ ТАРИФІ ӨЗГЕРЕ МЕ?

«Астана-АЭК» АҚ электр энергиясы тарифін 13,6 пайызға көтеруді жоспарлап отыр. Осыған орай, Астана қалалық табиғи монополияларды реттеу департаментінде жария тыңдау өтті.

– Тарифті 13,6 пайызға көтеруді жоспарлап отырмыз. Ол стратегиялық тауарлар, яғни электр энергиясы, қызмет көрсетуге кететін шығынды талап ететін энергия нысандарын баланса алу құнының көтерілуіне байланысты. Сонымен қатар жалақы көтеру, индексстеу, желілерді жаңғырту бойынша инвестиция бағдарламалары үшін қосымша инвестициялау,

кабель желілерін ауыстыру және трансформатор стансаларын жаңарту жүріп жатыр. Биыл бірыңғай сатып алушының енгізілуіне байланысты электр энергиясын сатып алу моделі өзгерді. Біз бірыңғай сатып алушы ұсынған бағамен электр энергиясын сатып алуға мәжбүрміз, – деді «Астана-АЭК» АҚ басқармасының төрағасы Руслан Әбжанов.

Астана қалалық Табиғи монополияларды реттеу департаментінің мәліметінше, жария тыңдау қорытындысы бойынша айтылған ұсыныстар мен ескертулер қаперге алынып, түпкілікті шешім қабылданады.

Оң шешім қабылданған жағдайда, «Астана-АЭК» АҚ-тың электр энергиясы тарифі 6,50 теңге/кВат сағаттан 7,39 теңге/кВат сағатқа дейін көтеріледі.

Төлен
ТІЛЕУБАЙПОЛИЦЕЙЛЕР ЖАСАҒАН
БЕЙНЕ

Ең алдымен, полицейлер жасаған нұсқаны алайық. Олардың айтуынша, бұл санатқа психологиялық тұрғыдан арнайы дайындалған, 20-45 жас аралығындағы орыс тілін еркін меңгерген, шетелдік ұйымдасқан қылмыстық топтар құрамына кіретін, call-орталықтар қағидаты бойынша жұмыс істейтін, жақын және алыс шетелдерде тұратын ерлер мен әйелдер кіреді. Олардың арасында әрқайсысының атқаратын қызметі мен рөлі нақты бөлінген: «келіссөз жүргізушілер», хакерлер, IT мамандары және өздерінің қауіпсіздік қызметі.

Әбден қылмысқа машықтанып алған алаяқтар аңқау адамдарды алдаудың ең көп таралған төрт әдісін қолданады: біріншісі – тауарлар мен қызмет түрлерін сату туралы онлайн-жарнамаларды шығару; екіншісі – азаматтарға телефон соғып, өзін «банк немесе құқық қорғау органдарының қызметкерімін» деп таныстырып, оларды әртүрлі жағдайға қызықтырады; үшіншісі – олар әртүрлі инвестициялық жобаларға ақшаны тиімді жолмен салуды ұсынады; төртіншісі – олар әртүрлі компаниялар мен ұйымдардың фишингтік сайттын жасайды, сол арқылы пайдаланушылардың құпия ақпаратын алады.

АШКӨЗДІК ПЕН
СУАЙТТЫҚТЫҢ ШЕБЕРІ

Біреудің затын ұрлаған ұрыны, бағалы затын күшпен тартып алған тонаушы-қарақшыны өзгеден айыру оңай. Ал интернеттегі кибер-ұрыны ешкім тани алмайды. Өйткені ол көзге көрінбейді, өз «құрбанына» ешқандай физикалық зиянын тигізбейді. Тіпті, оның жасы, жынысы, діні, ділі қандай екенін де біле алмайсың. Белгілісі сол, ол өзін қылмыскермін деп санамайды, бірақ адамға көрінбей-ақ ақшасын, қымбат заттарын үлтеп кетеді. Психолог-мамандар кибералаықтардың негізгі екі жағымсыз қасиетін айтады: ашкөздік пен суайттық. Расында да, авантюрист не тым пысық болмаса, ешкімді алдай алмайсың. Ол үшін адамдардың психологиясын жақсы білуге тиіссің: үрей мен әуестік, құмарлық пен сараңдық, әлсіздік пен сауатсыздық сияқты нәрселерді рет-ретімен пайдаланып, түлтеп келгенде, өзінің мақсатына жетеді. Әрине, бұлардың бәрін сәтмен іске асыру үшін кімнен, қалай сөйлесе білу де бәрін маңызды.

Интернеттегі алаяқтың басқа қылмыскерден тағы бір айырмашылығы – жұмбақтығы. Алаяқтардың көпшілік бөлігі шетелде отырады. Олардың қай елде отырып, кімді алдағанын

ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТЫҢ
ПОРТРЕТІ ҚАНДАЙ?

Қазір не көп, киберқылмыс көп. Жайшылықта қылмыстың алдын алумен және өзімен күресетін құқық қорғау органдарының қызметкерлері қандай да бір қылмыстан жұртты сақтандыратын кезде, оның әлеуметтік портретін жасайды. Ал киберқылмыскердің портретін жасау өте қиын. Өйткені ол – интернеттің иірімінде отырып, көзге көрінбей зұлымдыққа баратын қаскүнем. Астаналықтарды осы қаскүнемнен сақтандыру мақсатында өзімізше интернеттегі алаяқтың портретін жасап көрейік.



да анықтау қиындық туғызатыны содан. Көдімгі ұрылар ұсталып қалмайын деген үреймен өмір сүреді. Ал хакерлік бағдарламаларды қолданатын киберқылмыскер әркез өзін қауіпсіз, еркін сезінеді. Сөйтіп, ол өзінің ойына келгенін істейді. Мұндай алаяқтарда аяныш сезімі болмайды. Сол себептен, олардың құрбаны көбінесе қарт адамдар, әйелдер, балалар болып шығады. Егде жастағы адамдардың кез келген қоңырауға сеніп қалатынын жұрттың бәрі біледі, мұны алаяқтар да тиімді пайдаланады.

Қартайған туыстары, көршілері, таныстары бар азаматтар оларға алаяқтықтың қандай тәсілдері бар екенін, алаяқтық сипаттағы қоңыраулар мен хабарламаларды алу кезінде өзін қалай ұстау керектігін, атап айтқанда, алаяқтармен диалог жүргізбеу, әңгімені тоқтату және туыстарына қоңырау шалу керектігін түсіндіруі керек. Егер қарт адам банк картасымен зейнетақы алса, онда картадан ақша алуға көмек көрсетіңіз немесе туысқаныңызға картаны сізге беруді ұсыныңыз. Алаяқтан қоңырау түскен кезде бұл факті туралы дереу полицияға хабарлау қажет.

АЛАЯҚТЫ ҚАЛАЙ
ТАНУҒА БОЛАДЫ?

Әрине, бұл әрі қиын, әрі оңай сұрақ. Интернеттегі алаяқтардың тілі шұрайлы, сөзі өтімді болып көрінетіні рас. Ә дегенде кез келген адам оларға сеніп қалуы мүмкін. Алайда қандай жағдайда болсын олардың алаяқ екенін тануға болады? Қалайша? Біріншіден, интернет желісіндегі алаяқ бірінші болып өзінің құрбанын іздеп, байланысқа шығады. Ол телефон қоңырауы, әлеуметтік желіге келген хабарлама, электрондық поштаға келген хабар болуы мүмкін. Электрондық поштада «спам» деген бөлікке осындай «шабуылдар» жиі жасалады. Әсіресе, шетелден әр адамның тегімен бірдей адамнан хаттар көп келеді. Онда туысының қайтыс болғанын, артына мұраға көп ақша қалдырып, соны алу үшін, белгілі бір анкетаны толтыруды ұсынады. Сондықтан, ондай «оңай олжаға» кенелуді ойламай, алаяқтардың құрған торынан сақ болыңыздар.

Алаяқты танудың екінші белгісі – олар бірден іші-бұрына кіріп сөйлесіп, қызықты қаржылық ұсыныстарын жаудырады. Сізге ол «банк

қызметкері», «арнайы тергеу қызметінің өкілі», «ерекше қылмыстық істерді тергеуші», я болмаса қиын жағдайға тап болған өз туысыңыз болып хабарласуы мүмкін. Ең бастысы, ол кім болса да мәселенің мәнісін айтып, бірден ақша туралы әңгімеге көшеді. Есіңізде болсын: банк ешқашан телефон арқылы тұтынушысының картасы туралы мәліметтерді сұрамайды: оның нөмірі, артқы жағындағы коды, карта иесінің аты-жөні және оның қолдану мерзімі, тіпті пин-коды болсын. Егер қоңырау шалған адам сізден осындай ақпаратты алуға тырысса немесе сіздің телефоныңызға бақпандықпен келген кодтарды хабарлауды сұраса, дереу онымен сөйлесуді тоқтатыңыз.

АМАЛ-АЙЛАСЫ КӨП

Алаяқты бірден танып-білудің тағы бір тәсілі – оның ұсынысынан бас тартсаңыз, қорқытып-үркітуге көшетіні. Олар алдап-арбаудың хас шебері болғандықтан, өзінің «құрбанына» қалай қысым жасап, ойлануға уақыт қалдырмай, өз дегенін істетуге ұмтылады. Мұндай жағдайда өзіне сендіруге, көнбесен көндіруге, қорқытып-үркітуге, қоқан-лоқы жасауға дейін барады. Ондай кезде үрейге, қорқынышқа бой алдырудың қажеті жоқ. Шындап келгенде, банктің жай бір қызметкерінің сіздің ақшаңыз туралы күйіп-пісіп, әбігерге түсуіне не басына күн туыпты?! Осыған жақсылап ойланып қарасаңыз, кім болсын мейлі, ол банктің менеджері ме, полиция қызметкері ме, арнайы қызметтің өкілі ме, ешқашан біреуге телефон шалып, қоқан-лоқы жасамайтынын білесіз. Туыстарының атынан телефон арқылы қоңырау шалу және қиын жағдай туралы хабарлау кезінде сіз хабарласып отырған туыстарыңыз немесе жақындарыңызбен байланысқа шығып, болған оқиғаның егжей-тегжейін анықтап, бейтаныс адамдарға ақша аудармаңыз және бермеңіз. Есеп айырысу шоты/карта бойынша қызмет көрсету мәселелері туралы хабарлама келіп түскен банктің кез келген бөлімшесіне қоңырау шақыңыз немесе банк бөлімшесіне барып, туындаған барлық мәселені сұрап біліңіз. Сіз сондай-ақ заманауи технологияларды жақсы білетін әріптесіңізге, туысыңызға қоңырау шалып, келіп түскен хабарлама туралы айтып, кеңес сұрай аласыз. Білік өкілінің кім екенін білгіңіз келсе, жергілікті жердегі құзырлы органдарға хабарласып, істің мән-жайын сұраңыз. Сол кезде өзіңізді қорқытып-үркіткен «банк менеджерінің» я болмаса «қаржылық тергеушінің» кім екенін, қай жерде отырғанына көзіңіз жетеді. Әлбетте, ол шетелден қоңырау соқты.

Төртінші тәсіл – асықтыру. Телефонның арғы жағындағы адам: «Тездетіп шешім қабыл-

дауыңыз керек!» деп бұйыра сөйлейді. «Дәл қазір істемесеңіз, кеш болады», «Ертең өкініп қаласыз», «Тездетіңіз», «Әйтпесе, ақшаңыздың бәрінен айырыласыз» деген сөздермен адамның есін шығарып, байбалам салып, үрей мен уайым үстінде өзінің дегенін істетуді қалайды. Алайда мұндайда алаяқтың арбауына түспей, бірден байланысты үзіп жіберген жөн. Қазір алаяқтықтың жаңа түрлері көптеп шығып жатыр. Күдіктілер зиянды сілтеме арқылы кез келген адамның Whatsapp аккаунтына қол жеткізе алатыны белгілі болды. Осыған орай, полицейлер азаматтарды, әдетте, ұтыс ойыны, балаларға дауыс беру, кез келген тақырып бойынша сауалнама және т.б. түрінде таралатын күмәнді сілтемелерді баспауды және олардың сайтына кірмеуді, сондай-ақ жеке деректерді енгізбеуді ескертеді. Кездейсоқ күдікті сілтемені бастым деп күмәнданып, Whatsapp қолданбасына өтіп, өзгертулер бөліміне кіріп, «байланыстырылған құрылғыларға» ету арқылы Whatsapp аккаунтыңызға параллель кіруді тексеруге болады. Ол жерде сіз қосылмаған белгісіз құрылғы көрсетілсе, осы сессиядан дереу шығыңыз.

ОЛАР ҚАЗАҚША
БІЛМЕЙДІ

Иә, иә, олардың дені шетелдіктер екенін жоғарыда айттық. Өзіңе хабарласқан адамнан күдіктенсең, ең алдымен, қазақша сөйлесіп көр. Олар бірден «үндемей» қалады, не орысша сөйлесе берейік дегенді айтады. Ол өзін «банк қызметкерімін» деп таныстырса, сол банктің Астанадағы қай бөлімшесінен қоңырау соққанын сұрасаңыз, үні өшеді. Өйткені шетелдіктер Астанадағы көшелерді, банкілердің атауын білмейді. Расында да олар қазақша жауап қатсаң, не байланысты үзіп жібереді, не ұзақ уақыт дағдарып тұрып қалады. Өз сұрақтарыңды сабырлықпен, сенімділікпен қойсаң, оның қандай ыңғайсыз күйге түскенін көресің.

Интернеттегі алаяқтың қоңырауы келгенде не істеу керек? Олармен бірден ұрысудың, жанжалға барудың қажеті жоқ. Олардың өзін мазақ ету де абырой әкелмейді. Қоңырау соққан адамның әңгімесі шынайы болып көрінсе де, оған қызықпаңыз. Ең бастысы, қоңырауға жауап бермеңіз. Ал егер тұтқаны басып қойсаңыз, бірден байланысты доғарыңыз. Алаяқтар адамды адастырудың не түрлі психологиялық әдістерін меңгерген, сондай-ақ олар кейде жәбірленуші мен оның жақындары туралы ақпаратқа қол жеткізеді. Алаяқтықтың осыған ұқсас жағдайлары интернет желісінде де кездеседі, бірақ көмек туралы хабарлама туысының жалған парағынан әлеуметтік желідегі хабарлама арқылы беріледі.

Соңғы кездері астаналықтар интернеттегі алаяқтықтан, соның ішінде интернет-дүкеннен зат сатып алуда көптеген мәселеге тап болуда. Тұтынушылар тапсырыс берген тауарының мүлдем келмейтінін, я болмаса сапасы сын көтермейтінін айтып шағымданады. Осындай жағдайда сол тауардың ақшасын қайтарып алуға бола ма?

ИНТЕРНЕТТЕГІ САУДАДА АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

Биыл 9 айда Астанада интернеттен тауар сатып алуға қатысты ақшасын қайтаруға жәрдемдесуге құзырлы органдарға 65 шағым түсіпті. Сатып алушыларға 1 200 000 теңге ақшасы қайтарылған. Мұндай мәліметті өңірлік коммуникациялар қызметіндегі брифингте Астана қаласы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау департаментінің директоры Нұрғали Егембердиев жария етті.

«Астана қаласы бойынша сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау депар-

таменті тұтынушылардың құқықтарын қорғауда жоғары стандартты қамтамасыз ету үшін электрондық сауда алаңдарымен ынтымақтастық қарым-қатынас орнатты. Бірлескен күш-жігерімзді осы алаңдағы барлық тұтынушылар үшін ашықтық, қауіпсіздік, әділеттілік қағидаттарын орнықтыратын іс-шараларға жұмылдырдық. Ең бастысы, тұтынушылардың бұзылған құқықтарын тез әрі әділ қалпына келтіру» деп түсіндірді Н.Егемберді.

Ол «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау тура-

лы» жаңа заң жобасының аясында тауарларды сатып алатын интернет-ресурстарды сауда нысанына теңестіру ұсынылғанын атап өтті. Соған сәйкес, офлайн-сатушыларға қойылатын барлық талап онлайн-сатушыларға да бірдей дәрежеде қолданылады. Бұдан бөлек, барлық электрондық сауда алаңының қожайындары кәсіпкерлермен келісімшарт жасап, тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамамен барлық шартын орындауға, әділеттілікті сақтауға міндеттеледі.



КҮМІС КӨМЕЙ КҮЛӘШ

Елордалық белсенді ардагерлер қатарында абыроймен өзінің берері бар, ортада орны бар, ақ жаулықты қазақтың журналистика майданында әлі күнге дейін кәсіби мамандығын адал орындап жүрген Қазақ радиосының дикторы, қоғам қайраткері Молдахметова Күләш Кәйланқызы мерейлі 75 жасқа толып отыр.



Күләш Молдахметова 1948 жылы 10 желтоқсан Қостанай облысы Аманкелді ауданында дүниеге келіп, 1967 жылы Қызылорда қыздар педагогикалық училищесін бітіргеннен кейін Байғабыл орта мектебінің бастауыш сыныптарына мұғалімдік еңбек жолын бастап, 1974 жылдан жаңадан ашылған Торғай облыстық радиосына диктор болып қызмет атқарып «Күміс көмей Күләш» атанды. Елу жыл радио дикторы болды.

Торғай облысы жабылғаннан кейін 1997 жылдан Астанада Қазақ радиосына дикторлық қызметін жалғастырды. Астананың өсіп-өркендеуін көз алдынан өткізді.

Мұнда да қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, бүгінде Қазақстан Республикасының «Ардагерлер ұйымы» Орталық кеңесінің және Астана қаласының ардагерлер ұйымының жанындағы медиаобьектінің мүшесі, қоғамдағы белсенді ардагерлерінің бірі Күләш Кәйланқызы мерейтойын елордада бала-шағасы мен немерелерінің құттықтауын қабылдап, әріптестерімен жаңа белесін қызықтауда.

Қазіргі таңда Қазақ радиосында жұмысын жалғастырып, «Шалқар» радиосынан хабар оқып, радио тыңдаушылардың ризашылығына бөленуде.

Қоғамдық атқаратын жұмыстары Астана қалалық Ассамблеясы жанындағы аналар кеңесінің мүшесі, ҚР Ұлттық кітапханада балаларға ертегі оқушы, композитор Болат Хамзин атындағы шығармашылық үйінің көркемөз оқу шебері, қалалық тіл басқармасының мүшесі, айта берсек, белсенділігі бір басна жететіндей қоғам қайраткері, бірқатар

күрметті атақтардың иегері – Молдахметова Күләш Кәйланқызы.

Бүкіл радио тыңдармандарының ішіндегі сәбилердің сүйікті ертегі әжесі де өзіңізсіз. Сіздің күміс дауысыңызды танымайтын пенде жоқ шығар. Олар малын өріске айдап, жәймен эфирден концерт бағдарламасын күткен қойшы, егін алқабында қара терге түсіп, бір сәттегі демалысын сіздің шеберлігіңізбен оқыған өлеңдеріңізді сүйсіне тыңдайтын диханшылар, жай жолаушының өзі сәл радиодан әсем әуенмен үндескен дауысыңдан атақты ақын-жазушылардың, атап айтсақ, ҚР Еңбек Ерлері Мұхтар Шахановтың пен Бақтықожа Нәзімұхамбетовтың, Мұқағали Мақатаевтың, қазақ қыздарының ішінен шыққан Халық жазушысы Фариза Оңғарсынованың шығармаларын Сіздің оқуыңызбен естігенде керемет әлемге тұнатыны да бекер болмас. Дауысыңыздың сәнін келтіріп, адамның ішкі дүниесіндегі сезімді әдемі жеткізіп, тыңдаушыны еріксіз радионың алдына байлап қоятын қасиетіңіз дарыған ерекше жансыз. Тыңдата білу, ол да диктордың көркемөз оқудағы орны ерекше шеберлігі емес пе?! Сіздің бар байлығыңыз қасиетіңізбен біткен дауысыңыздың өзі осы ғой!

Уақыт деген зымрап өтіп жатыр. Осы жасқа келгенше тағдыр жолында кездескен қаншама тосқауылға төтеп беріп, қашанда жеңіске жете білген мұндай жетістігіңіздің де терең себебі бар деп ойлаймыз.

Күләш Кәйланқызы темірқазықтай қалпыңыздан таймай, өмірдің қызығына кенеліп жүре беріңіз!

«Қарапайым өмір сүрген жан жүз жасайды» деген даналардың сөзі бар. Осынау қарапайым ойдың астарында мейірімді, жүрегі таза, қиналған сәтте қол ұшын беруге дайын тұратын, Құдайдан қорқатын қанағатшыл да иманды адам туралы қаншама түсінік жатыр десеңізші?! Сол мейірімді жүректің иесі аса құрметті Күләш Кәйланқызы сіздің де сондай мадаққа лайық қарапайым өмір сүретін жанның бірісіз!

Астана қаласының Ардагерлер ұйымының белді Пленум мүшесі ретінде қоғамдық саяси ахуалдың дамуына да үлес қосудасыз. Елордалық тыл және еңбек ардагерлерінің мерейтойларын ескеріп, үнемі құттықтау тілек пен музыкалық ән-шашу арнап эфирден жариялап отырғандықтан, ол да – үлкен адами қасиетіңіздің ерекшелігі. Елге деген ерен еңбегіңіз еселене берсін!

Құрметті Күләш Кәйланқызы, өзіңізге мерейлі үш жиырма бесіңізге сәті келгенде аялап өсірген ұрпағыңызбен қуанышыңыз кеңінен жайылысың, ғұмырлы болыңыз деген тілек арнаймыз!

Ізгі ниетпен, Астана қаласының Ардагерлер кеңесі

ҚР «Ардагерлер ұйымы» орталық кеңесінің «Құрмет белгісі» иегері, запастағы полиция полковнигі, қалалық Ардагерлер ұйымының пленум мүшесі, қоғам қайраткері Кішкентаев Қаршыға Балданұлы мерейлі 75 жасқа толды.

МЕРЕЙЛІ ЖАС ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Астана қалалық Ардагерлер ұжымы сізді 75 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды! Сіз бүкіл саналы ғұмырыңызды халқымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған қырағы, сонымен қатар өмірі қауіп-қатерге толы полиция мамандығын таңдап, еліңіз үшін өлшеусіз қызмет еттіңіз. Бойыңызда қалыптасқан талаптылық пен жауапкершілік мінезді ту етіп осы салаға қатысты Мәскеу академиясын бітіріп, өзіңізге бұйырған еңбек баспалдақтарынан өттіңіз. Ел Тәуелсіздігі жария еткен жылдары Қостанай қаласында Ішкі істер министрлігінің Жоғарғы мектебін ұйымдастыруға атсалысып, сол мектептің Академиялық деңгейіне жетуге қажырлы еңбек етіп, жүздеген полиция қызметкерлеріне білім нәрінің биігіне шығуға себепкер болдыңыз.

Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жерлес милиция қызметкерлерінің есімі мен ерліктерін ұрпақ жадында мәңгілік сақталып, келешекте де патриоттық тәрбиенің маңыздылығын айшықтайтын ескерткіштің елорда төрінде орын алуға ықпал етіп, ұйытқысы болғаныңызды қалалық Ішкі істер департаментінің Ардагерлер ұйымының басшылық қызметін атқарғандағы үлесіңіз үшін астаналықтардың ризашылығына бөлендіңіз. Бұл мінезіңіз сіздің нағыз қайраткер мен іскерлігіңізді танытатын рухты ата-бабаңыздан дарыған қабілет деп таниды.

Еңбек сіңірген жылдардан соң демалысқа шыққаннан кейін, бұдан әрі Астана қаласы Ішкі істер департаментінің «Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің жұмысына қосылып, онда ардагерлер қозғалысын жандандыру жұмысында өз заң тәжірибеңізді уақытылы қолдандыңыз.

Бүгінгі таңда қоғам жұмысын өзіңіздің борышыңыз деп санап, Астана қалалық Ішкі істер Ардагерлері кеңесінде қаланың қоғамдық саяси ахуалының



жақсаруына белсенділігіңізді арттырып бір кісідей үлес қосып жүрсіз.

Сіздің еңбек өмірбаяныңыз мемлекеттік және қоғамдық институтпен тығыз байланысты. Сіз әрқашан ардагерлердің мүдделерін қорғау мен құқықтық қолдауда парыз бен абыроймен тұрасыз. Біз сізді сол үшін бағалаймыз, ризашылығымызды білдіреміз.

Құрметті Қаршыға Балданұлы! Осындай ерен еңбектің ардагері сізге деген алғысымыз шексіз! Астана қалалық Ардагерлер кеңесі мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды, денсаулық пен ұзақ өмір, рухтық көтеріңкі көңіл-күйі мен ардақты ардагерлік жұмыста табыс тілейміз!

Немере-шөберелеріңіздің жетістігіне бөленіп, отбасыңыздың, жақындарыңыздың және достарыңыздың ортасында бақытты болыңыз!

Зор денсаулық, жаңа-жаңа мейірім, қуат, бақ-береке тілейміз!

Астана қалалық Ардагерлер кеңесінің төралқасы

СЫР СҮЛЕЙЛЕРІНІҢ САРЫНЫН ЖЕТКІЗДІ

Қорқыт қобызының сарынымен, жампоз жырдың жалынымен Алашқа ана болған Сыр елі елордада Қызылорда облысының өнер күндерін өткізді. Астана қаласының 25 жылдығына орай өткен іс-шара аясында «Жастар» театрында Н.Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық академиялық қазақ музыкалық драма театрының қос қойылымы, Бейбітшілік және келісім сарайында облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Сыр өңірі – Түркі өркениетінің алтын бесігі» көрмесі қойылып, аймақтың өнер күндері Сырдан шыққан өнер жұлдыздарының «Сұлу Сырдан – Ару Астанаға» атты гала-концертімен түйінделді.

«ЖӘМИЛА» МЕН «НАРКОМ ЖҮРГЕНОВ»

Өнер күндері Шыңғыс Айтматовтың «Жәмила» повесі желісімен сахналанған спектакльмен ашылды. Аталмыш қойылымның премьерасы биылғы ақпан айында әйгілі жазушының 95 жылдығына орай өтті. Қоюшы режиссері – Дина Жұмабаева. Қойылым әдебиет сыншысы, аудармашы Қалжан Нұрмахановтың аудармасында ұсынылды. Сұрапыл соғыс жылдардағы тылдағы еңбектің ортасында Данияр мен Жәмиланың махаббатын арқау еткен қойылым сөзден гөрі іс-қимылға, пластикаға негізделген.

Аталмыш өнер ошағы елордаға алып келген тағы бір спектакль – «Нарком Жүргенов» драмасы. Көрнекті жазушы-дра-

матург Рахымжан Отарбаевтың қаламынан туған туындыны Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Хусейн Әмір-Темір сахналады. Өткен ғасырдың отызыншы жылдары қазақ мәдениеті мен өнерінің, білім саласының өрлеуіне өлшеусіз үлес қосқан Темірбек Жүргеновтің өмірі мен еңбегі туралы сыр шертетін қойылымда сол замандағы өнер қайраткерлерінің бейнелері қамтылды. Биыл – көрнекті мемлекет қайраткерінің туғанына 125 жыл. «Нарком Жүргенов» спектаклі елордада бұл мерейтойдың аясында да қойылды. Темірбек Жүргенов бір топ өнерпазды 1936 жылы Мәскеудегі қазақ мәдениеті мен өнерінің онкүндігіне бастап барғаны белгілі. Бұл сапар қазақ руханиятының үлкен табысымен аяқталды. Қойылымда Күләш Байсейітова, Құрманбек Жан-

дарбеков, Шара Жиенқұлова сынды қазақ театрының негізін қалаушылар, классик жазушы Ғабит Мүсірепов, композитор Евгений Брусиловский, жыл алыбы Жамбыл Жабаев, басқа да өнер қайраткерлерінің бейнелері сомдалды. Қойылымға Темірбек Жүргеновтің Абай атындағы Мемлекеттік опера және балет театрын ашуы, жыр жампозы Тұрмағамбет Ізтілеуовке Фирдоусидің «Шахнамесін» аудартуы, басқа да тарихи деректер енгізілді. Спектакльде қайраткердің қуанышы мен қайғысы, тергеу барысында көрген азабы әсерлі берілген.

КӨРМЕ МЕН КОНЦЕРТ

«Сұлу Сырдан – Ару Астанаға» атты гала-концертте Сыр бойынан шыққан танымал эстрада жұлдыздары



Жеңіс Сейдоллаұлы, Елена Әбдіхалықова, Жеңіс Ысқақова, Мадина Сәдуақасова, Ғалымжан Нарымбетов, Құралай Мейрамбек, сондай-ақ Тұрмағанбет атындағы халық аспаптар оркестрі, симфония оркестрі, «Сыр самалы» вокалды-аспапты ансамблі, «Томирис» би ансамблі, Сыр өңірінің жыраулық өнер өкілдері және тағы да басқа талантты өнерпаздар өнер көрсетті. Концерт өңірдің гимніне айналған Е.Әбдіхалықованың «Сыр елім» әнімен ашылып, К.Дүйсекевтің «Сәлем, саған туған ел!» композициясымен аяқталды. Шығарма фондында Қызылорда

облысында атқарылған тың жобалар мен бастамалар, көрікті орындар бейнебаян арқылы көрсетілді. Сыр елінің ұлттық брендін айналған жыраулық өнер бөлімінде төрт мектептің – Нұртуған, Жиенбай, Нартай, Сәрсенбайдың мақам-саздарынан құралған топтамада домбырамен, сырнаймен, қобызбен жыр айтылды. Классикалық бөлімде солистер 5 тілде әлемдік туындылардың шеруін жасады. Концерттік бағдарламада түрлі жанр, заманауи коллаборация-лар, этно-модерн стиліндегі өнер туындылары көрсетіліп, ұлттық күйлер шетел аспабында да орындалды.

Дайындағандар Аманғали ҚАЛЖАНОВ, Райхан РАХМЕТОВА

Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық соты Надежда Александровна Сочинаның 1978 жылғы 13 мамырда туған азамат Алексей Николаевич Сочинді хабарсыз кетті деп туралы өтініші бойынша азаматтық іс қозғады. Алексей Николаевич Сочиннің тұрғылықты жері туралы мәліметі бар адамдардан үш ай мерзімі ішінде Астана қаласы, Гейдар Әлиев көшесі, 6 мекенжайы бойынша Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотына хабарлау сұралды.

«Astana Akshamy» газетінің ұжымы басылымның авторы, белгілі публицист, деректанушы, ұлттық қауіпсіздік органдарының ардагері Амантай КӘКЕННІҢ қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы, туған-туысқандары, жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ҚАЙРАТКЕР ТУРАЛЫ ҚҰНДЫ КІТАП

Ұлттық музейде «Отбасы хрестоматиясы» қоғамдық қорының авторлары Санжар Керімбай мен Әділбек Нәби бірлесіп жазған «Өзбекәлі және мәдени майдан» тарихи-репрезентациялық кітабының таныстырылымы өтті. Белгілі журналист Зейін Әліпбек жүргізген іс-шараға Парламент және мәслихаттардың депутаттары, мәдениет және өнер, білім және ғылым қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, кітап кейіпкері Өзбекәлі Жәнібековтің туыстары, көзін көрген замандастары мен серіктері қатысты.



Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

Кітап көрнекті мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен қызметі, ұлт мәдениеті мен руханиятын өркендету жолындағы ерен еңбегі туралы сыр шертеді. Іс-шара барысында «Қазақстан мәслихаттары депутаттарының бірлестігі» РҚБ төрағасы Төлеубек Мұқашев Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаевтың құттықтау хатын оқып берді.

«Өзбекәлі ағамыз қай қызметте жүрсе де, ұлтымыздың тарихын, төлтума мәдениетін, салт-дәстүрін, тілін жаңғыртуға және қорғауға зор еңбек сіңірді. Алаш рухы қалықтаған Торғай өңірін қайта түлетуге күш салды. Алаш арыстарын ақтау ісіне тікелей араласты. Көне жәдігерлерімізді

жинақтау арқылы ұлтымыздың мәдени әлеуетін жарқырата көрсетуге сүбелі үлес қосты. Кітап мемлекет қайраткерінің осы аталған және өзге де еңбектерін жан-жақты зерделеу арқылы Өзбекәлі Жәнібековтің азаматтық-саяси тұлғасын жақсы аша білген. Бұл жинақ жалпы оқырман, оның ішінде өскелең ұрпақ үшін үлгілі бағдар болады деп сенеміз» делінген құттықтау хатта.

Сонымен қатар таныстырылымға қатысқан Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен қала басшысы Жеңіс Қасымбектің құттықтауын жеткізді.

Кітап лентасын Парламенті Мәжілісінің депутаты Қазыбек Иса, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясы Басқару институтының директоры, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Зулфухар

Ғайыпов бастаған азаматтар кесті. «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы мәдениетті, тарихты және этнографияны қолдау» қоғамдық қорының өкілі, кітап кейіпкерінің ұлы Ниятжан Өзбекәліұлы кітап авторларына алғыс айтты.

Кітапта Өзбекәлі Жәнібековтің қазақ тарихы мен мәдениетін жаңғыртуға, ұлттық бай мұрасын келешек ұрпаққа жеткізуге сіңірген орасан еңбегі, кеңестік-коммунистік жүйеге қарамастан Алаш зиялыларының ақталуына, Наурыз мерекесінің қайта тойлануына, Тайқазанның елге қайтарылуына, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қалпына келтірілуіне бастамашы болғаны, қазақ тілін дамыту бағдарламасының мемлекеттік тұжырымдамасын жасауға қатысқаны, елдегі көптеген музейлер мен театрлардың, мәдениет ошақтарының ашылуына үлес қосқаны қамтылды.

Авторлар Атырау, Қостанай, Арқалық, Астана, Семей, Шымкент, Павлодар қалалары мен сол өңірлерге экспедиция ұйымдастырып, қайраткердің көзін көрген, онымен қызметтес болған адамдармен жолығып, сұхбаттасты. Сонысымен бұрын-соңды беймәлім болған деректер енгізілді. Кітапта кеңестік кезеңдегі қазақ халқының елдік санасының өсуі мен бостандыққа ұмтылыстарына сараптама жүргізілген. Баяндалған оқиғалардың танымдық-патриоттық тұрғыда да маңызы зор.

Жиында кітап авторлары Санжар Керімбай мен Әділбек Нәби бірегей ұлт қайраткерлері Темірбек Жүргенов пен Лияс Омаров туралы да кітап жазуды жоспарлар отырғандарын айтты. Таныстырылым барысында Ұлттық музейдегі Өзбекәлі Жәнібеков тұтынган заттарынан жәдігерлер көрмесі ұйымдастырылды, «Сарыарқа» халық музыка ансамблі ән-күймен көркемдеді.



БОЧЧАДАН ТОП ЖАРДЫ

Астанада алғаш рет боччадан Қазақстан кубогы өтті. Жарыстың жабылу салтанатына Парламент Сенатының төрағасы, Қазақстан Бочча федерациясының президенті Мәулен Әшімбаев, Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен қатысып, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттады.

Өз құттықтау сөзінде Мәулен Әшімбаев сайыстың жоғары деңгейде өткенін және ерекше спортшылардың шеберлігі мен табандылығын айрықша атап өтті. Сенат төрағасы Қазақстан бочча федерациясының қызметін қорытындылап, алдағы жұмыс жоспарына тоқталды.

– Алдымызда ауқымды міндеттер тұр. Келесі жылы бірқатар іс-шара ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз. Алғаш рет боччадан ұлттық жасөспірімдер құрамасын жасақтаймыз. Федерация Туризм және спорт министрлігінің және демеушілердің қолдауымен келесі жылы ел чемпионаты, республика кубогы, Сұлтанбек Орынбасаровты еске алуға арналған ашық турнир сияқты кем дегенде үш ірі республикалық

жарыс ұйымдастыруды көздеп отыр. Одан бөлек, ұлттық құрамамыз бірқатар халықаралық додаларға қатысады, – деді Мәулен Әшімбаев.

Төрт класс бойынша өткен ел кубогында бас аяғы 57 пара спортшы бақ сынады. Екі күндік үздік нәтижелерімен 34 бочча шебері жеңіс тұғырынан көрінді. Олардың қатарында Астана қаласының бочча шеберлері де бар.

Әйелдер арасында елордалық Итиана Шыңғысханқызы үздік шықса, ерлер арасынан павлодарлық Александр Құрмантай үздік атанды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, дүбірлі додада жеңіске жеткендер Ұлттық құрама сапына қабылданып, алдағы халықаралық боскелерде ел намысын қорғауға мүмкіндік алды.

ҚАЖЫМҰҚАН ЖОЛЫМЕН

Елорда төріндегі QAZAQSTAN жеңіл атлетика спорт кешенінде «Қажымұқан жолы» атты ұлттық турнирі өтті. Іс-шараға Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, қалалық Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Жылқыбаев, Қазақстан спортшылар одағының төрағасы Азамат Қарлығашев және бокстан ҚР мемлекеттік жаттықтырушысы Мерей Ақшалов, шорт-тректен халықаралық дәрежедегі спорт шебері Абзал Әжіғалиев қатысты.

Басқарма басшысы өз сөзінде бұл жарыс Қажымұқан, Балуан Шолақтардың жолын жалғаған, халық арасында кеңінен насихатталып танымал болғандығын айрықша атап өтті.

Айтулы жобаның авторы және бастамашысы атақты палуан және Гиннестің рекордтар кітабының рекордшысы Сергей Цырульников шара барысында болат темірді майыстырып, жиналған жұртшылықты таңдай қақтырды.

Сайдың тасындай 8 батыр сайыстың 5 түрі бойынша яғни, 60, 70, 80, 90 келілік қапшықты жылдамдыққа көтеру, 1 минутта 140 келілік тасты биіктігі 1 метрлік тумбаның үстіне мейлінше көп қою, темір таға пішіндес ретінде жылдам майыстыру, 100 келіден асатын томарды иыққа салып көтеру, белдесуде сынға түсті.

Жарыс қорытындысы бойынша, чемпиондық атақ Болат



Ахметовке, күміс жүлде Өмірбек Акеділге, қола жүлде Тілеген Габдулинге бұйырып, олар арнайы ұлттық дәстүріміздің

бұйымдарымен, дипломмен марапатталды.

Қанат БАЙҰЗАҚОВ

Түріктің танымал суретшісі Исмаил Аджар елордалықтарды өз шығармашылығымен таныстырды. Бүгінге дейін 200-ден астам жеке және топтық көрмелерге қатысқан оның жұмыстары Еуропа, АҚШ, Канада, Мексика, Араб түбегі елдері, Ресей, Молдова, Украина, түркітілдес Азия мемлекеттері, Қытай, Тайвань, Корея және Жапонияда көрсетілді.

ТҮРКІ ДҮНИЕСІНІҢ КӨРКЕМ ӘЛЕМІ

Айгул
УАИС

Астаналық өнерсүйер қауымға арналған «Жады» атты көрмесін қылқалам шебері былайша түсіндірді:

– Көрме үшін таңдап алған туындыларым кешегі 16 мемлекеттің негізін қалап, күлдей жанып, қайта түлеген түркілердің тарихына негізделген. Қазір өмір сүріп жатқан географиялық аймағын туған жерім деп санайтын еліміздің 100 жылдығын тойлау аясында бұл көрме өткен тарихтың ізін тану жолындағы осы үдерістің куәсі болуға шақырады. Жады ұғымы тұрғысынан бұл көрмені ата-бабамыздың мекені – Қазақстанда өткізу жобама өзіндік әрі ерекше көзқарас береді деп сенемін.

Ашылу салтанатына Түркия Республикасының Қазақстанда төтенше және өкілетті елшісі



Мұстафа Капуджу қатысып, суретші шығармашылығына тоқталды.

Исмаил Аджардың көркем туындыларында османлы, византия, анадолы өркениеттері көрініс тапқан. Атақты суретші бір сұхбатында: «Шетелді көп араладым. Сонда мен ирандықтардың ирандық, италиялықтардың италиялық,

немістердің неміс сияқты сурет салатынын көрдім. Осман империясы, сопылық мәдениетіміз сияқты бай мұрамыз бар. Осыларды түсініп, түсіндіруіміз қажет» деген еді. Расында да, шебер туындылары шығыстың рухани әлемімен үндесіп, түркі әлеміне ортақ мәдениеттің шымалдығын ашқандай болады.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №147

Баспахана: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Индира БЕРЖАНОВА